

**«№9 жалпы білім беретін мектебі» КММ –нің
Қамқоршылық Кеңес отырысының
№6 хаттамасы**

Күні: 05.09.2025 ж.

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Жалпыға бірдей білім беру қорынан мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға қаржылай көмек беру туралы

ТЫНДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ж.Төлеген сөз алды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1005 қаулысына өзгерістер енгізіліп, мектеп формасы мен кеңсе тауарларына бөлінген қаржыны ата-аналардың жеке шоттарына аудару арқылы жүзеге асыру туралы шешім қабылданды. Қаулыға сәйкес қаржылық көмек көрсету үшін ең төменгі күнкөріс мөлшерінен аспауы тиіс. Биыл бұл көрсеткіш **55 150** (елу бес мың жүз елу) теңгені құрайды. Мақсатымыз - жалпыға бірдей білім беру қорынан мектептегі аз қамтылған, қамқорлықтағы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына мектеп формасын және оқу-құралдар алуға қаражат бөлініп, шешім қабылдау. Қаржылық көмекке тамыз айының 27 –сінең қыркүйек айының 5-іне дейін 2 оқушының ата-анасы құжат өткізді. Келіп түскен 2 оқушының ата –аналарының өтініштері қаралып, құжаттары тексерілді. Биылғы жылы әр балаға **46 228** (қырық алты мың екі жүз жиырма сегіз) теңгеден бөлінгені айтылды. 2 оқушыға **92 456** (тоқсан екі мың төрт жүз елу алты) теңге төленетінін айтты. Қаржылық көмек алуға өтініштер тіркеу журналына сәйкес хронологиялық тәртіппен тіркелген:

Р/с	Өтініш берушінің Т.А.Ә.	Білім алушының/тәрбиеленушінің Т.А.Ә., сыныбы	Күні/өтініш нөмірі	Санаты	Көмек түрі	
					Қаржылық, теңге	Материалдық
1	Абилова Жанат Сакеновна	Ерболатұлы Жанболат, 7 Б	02.09.25ж/35	Көп балалы отбасы	Қаржылық, 46 228 теңге	
2	Абилова Жанат Сакеновна	Ерболатұлы Жансұлтан, 5 Ә	02.09.25ж/36	Көп балалы отбасы	Қаржылық, 46 228 теңге	
	Жиыны	2 оқушы				

Қамқоршылық кеңес мүшелері растайтын құжаттармен бірге өтініштерді қарап, ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдады.

Қаржылық көмек ата –аналардың есепшотына аударылғаннан кейін киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын сатып алғанда оларды сатып алған күннен бастап 15

жұмыс күні ішінде қаражаттың нысаналы жұмсалғанын растайтын құжаттарды әлеуметтік педагог Ж.Төлегенге әкеліп өткізу керек екені айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық Кеңес төрайымы А.Абдирова сөз алды. Дауыс беру нәтижесі бойынша, қарсы болғандар жоқ. Өтініш берушілерге жалпыға бірдей білім беру қорынан аз қамтылған мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, әлеуметтік көмек алатын отбасының балаларына қаржылық көмек көрсетуін қолдаймыз.

Қамқоршылық кеңес мүшелері бір ауыздан келісті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жалпыға бірдей білім беру қорынан аз қамтылған мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім және ата – аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, әлеуметтік көмек алатын отбасының балаларына қаржылық көмек көрсетілсін.
2. Қаржылық көмек ата –аналардың есепшотына аударылғаннан кейін киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын сатып алғанда оларды сатып алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаражаттың нысаналы жұмсалғанын растайтын құжаттарды қабылдау әлеуметтік педагог Ж.Төлегенге жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес мүшесінің төрайымы:




Абдирова А.


Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Тлеубекова Г. 

Такабаева А. 


Ансабай А. 


Тлеубаев М. 

Токишева Д. 


Ербосынова А. 

Абылай Р. 

Чиякова А. 

Талапов А. 

Хатшы



Сагимбекова Д.

МЕКТЕПТІҢ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ

№ 6 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҮЗІНДІ КӨШІРМЕСІ

05 қыркүйек 2025 жыл

Қатысты: 11 адам

Тыңдалды: Ш.Адрейсова- мектеп директордың м.а
А.Абдирова - қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Сөз сөйлеу тезистері:

- Жалпыға бірдей білім беру қорынан мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға қаржылай көмек беру туралы



ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жалпыға бірдей білім беру қорынан аз қамтылған мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім және ата – аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, әлеуметтік көмек алатын отбасының балаларына қаржылық көмек көрсетілсін.
2. Қаржылық көмек ата –аналардың есепшотына аударылғаннан кейін киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын сатып алғанда оларды сатып алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаражаттың нысаналы жұмсалғанын растайтын құжаттарды қабылдау әлеуметтік педагог Ж.Төлегенге жүктелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы

Көшірме дұрыс

 ҚОЛЫ
 ҚОЛЫ